

"Қазақстан Республикасының Кедендей тариф және Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1317 қаулысына түсіндірме

Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда министрлігінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1317 қаулысына түсіндірме

Осы қаулы отандық тауар өндірушілерді қолдау, республикамызда өндірілмейтін жабдықтарды және шикізатты әкелуді ынталандыру, импорттық тауарларды кедендей ресімдеу кезіндегі ресімдердің ашықтығын қүшету, сыртқы сауда статистикасын толыққанды жүргізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ЕурАЗЭС-қа қатысу шеңберінде кедендей тарифтерді біріздендіру жөніндегі міндеттемелерді орындау

мақсатында

әзірлеңді.

1. Қаулымен Қазақстан Республикасының Кедендей тарифінің және Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының жаңартылған нұсқалары бекітілді.

Тауарларды сипаттау халықаралық үйлестірілген жүйесі (ҰЖ) Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының (ҚР СЭС ТН) негізі болғандықтан 2007 жылғы ҰЖ енгізілген өзгерістерге сәйкес ҚР СЭС ТН кодтары өзгертилген.

2. Біртекті тауарларға кедендей баждың әртүрлі деңгейде болуына байланысты импорттық тауарларды кедендей ресімдеу кезінде кедендей кодтардың құнын төмендету мақсатында манипуляциялауға мүмкіндік бергендейдіктен, өзінің техникалық және тұтыну сипаттамаларына үқсас тауарларға бірдей кедендей баж ставкалары белгіленді.

Негізінен республикамызда өндірілмейтін шикізатқа (ағаш материалдары, химиялық материалдары) және жабдықтарға (машина жасау жабдықтарына, ұшу аппараттарына және т.б.) кедендей баж ставкалары біріздендірілді.

Осында жолмен, Қазақстанның бекітілген Кедендей тарифі толық көлемде мемлекеттік бюджетіне төлемдерді және салықтарды төлеуден жалтару мүмкіндігін азайтады.

3. Өндірілмейтін жабдықтардың және өнеркәсіптік тауарларды өндіруге арналған шикізат импортына, оның ішінде химиялық өндіруге арналған материалдар, машина жасау, жеңіл өнеркәсіптік тауарлар және құрылым материалдар импортына кедендей баж ставкалары төмендетілді.

4. Қолдану мерзімі 2007 жылғы 1 мамырда аяқталған, бұдан бұрын уақытша негізде қолданылған тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына, оның ішінде жұмыртқа ұнтағы, сыра ашыту уыты, шырын өндіруге арналған шикізат және т.б. сияқты азық-түлік тауарларына, сондай-ақ жиһаз өнімін өндіруге арналған және ағаш өндіру саласындағы өнеркәсіпте пайдаланылатын шикізатқа тұрақты негізде кедендей баж

с т а в к а л а р ы

б е л г і л е н д і .

Осы шара халықтың тұтыну тауарларын өндіруге арналған қажетті шикізатпен
отандық өндірушілерді қамтамасыз етеді.

Осындай жолмен, Кедендейк тариф отандық өндірушілердің және тұтынушылардың
экономикалық мүдделеріне жауап береді, сондай-ақ, жалпы мемлекетіміздің
кедендейк-тарифтік саясатына сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасының

Индустрия және сауда министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК